

Жекелеген акционерлік қоғамдар акцияларының мемлекеттік пакетін жекешелендіру жөніндегі кеңесшілерді таңдауға арналған тендер туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 15 шілде N 985

"Мемлекеттік мұлікті жекешелендірудің және басқарудың тиімділігін арттырудың 1999-2000 жылдарға арналған бағдарламасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 1 маусымдағы N 683 Р990683_ қаулысын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Маңғыстаумұнайгаз", "Ақтөбемұнайгаз", "Өскемен титан-магний комбинаты", "Қазмырыш" акционерлік қоғамдар акцияларының мемлекеттік пакетін жекешелендіру жөніндегі кеңесшілерді таңдауға арналған инвестициялық компаниялардың (банктердің) және мамандандырылған консалтингтік фирмалардың арасында тендер өткізу жөніндегі комиссия (бұдан әрі - Комиссия) қосымшаға сәйкес құрылсын.

ЕСКЕРТУ. 1-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 1999.09.29. N 1473
қаулысымен. Р 9 9 1 4 7 3 _

ЕСКЕРТУ. 1-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2000.01.12. N 51
қаулысымен. Р 0 0 0 0 5 1 _

2 . К о м и с с и я :

1) осы қаулының 1-тармағында аталған акционерлік қоғамдар акцияларының мемлекеттік пакетін жекешелендіру жөніндегі кеңесшілерді таңдауға арналған тендердің (бұдан әрі - Тендер) ықтимал қатысушыларының - инвестициялық компанияларының (банктерінің) және мамандандырылған консалтингтік фирмаларының тізбесін белгілесін;

2) 1999 жылғы 20 шілдеге дейінгі мерзімде Тендерді өткізу шарттарын әзірлесін және оны Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мұлік және жекешелендіру комитетіне бекітуге ұсынсын;

3) 1999 жылғы 15 қазанға дейінгі мерзімде Тендер өткіздін,

тиісті келісімдер жасасу үшін жеңімпаздарды таңдасын.

ЕСКЕРТУ. 2-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 1999.09.29. N 1473
қаулысымен.

P991473_

3. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті 1999 жылғы 23 шілдеге дейінгі мерзімде Комиссияның тиісті ұсыныстарын ескере отырып, Тендерді өткізу шарттарын бекітсін.

4. Осы қаулының атқарылуын бақылау Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне жүктелсін.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1999 жылғы 15 шілдедегі
N 985 қаулысына
қосымша

Кейбір акционерлік қоғамдар акцияларының мемлекеттік пакетін жекешелендіру жөніндегі кеңесшілерді таңдауға арналған инвестициялық компаниялардың (банктердің) және мамандандырылған консалтингтік фирмалардың арасында тендер өткізу жөніндегі комиссияның құрамы

Есенбасв - Қазақстан Республикасының
Мәжит Төлеубекұлы Қаржы министрі, төраға

Раханов - Қазақстан Республикасының
Мақсұдбек Смағұлұлы Қаржы Министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің
төрағасы, төрағаның орынбасары

Жанәбілов - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің
Мият Саттарұлы Кеңесі Өндірістік бөлімінің менгерушісі

Котенко - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің
Наталья Леонидовна Кеңесі Экономика бөлімінің менгерушісі

Әбітаев - Қазақстан Республикасының Энергетика,
Есберген Әбітайұлы индустрия және сауда бірінші вице-министрі

Сәйденов - Қазақстан Республикасының
Әнуар Галимollaулы Қаржы вице-министрі

Уәйісов - Қазақстан Республикасының
Мерей Құрманұлы Әділет бірінші вице-министрі

Сартбаев - Қазақстан Республикасының
Медет Мақсұтұлы Экономика вице-министрі

Нұрпейісов - Қазақстан Республикасының
Қайрат Айтмұхамбетұлы Мемлекеттік кіріс вице-министрі

Жолдасбеков - Қазақстан Республикасы
Азamat Мырзаданұлы Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық
комиссиясының төрағасы (келісім бойынша)

Қуанышев - Қазақстан Республикасының
Дулат Оразбекұлы Инвестициялар жөніндегі агенттігінің
төрағасы"

ЕСКЕРТУ. Құрам өзгерді - КР Үкіметінің 1999.12.06. N 1869 қаулысымен.

P991869_

ЕСКЕРТУ. Құрам жаңа редакцияда - КР Үкіметінің 2000.02.29. N 325
қаулысымен.

P000325_

Оқығандар:

Қобдалиева Н.

Омарбекова А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК